

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 сәуірдегі N 323 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында Сырдария өзеніндегі су тасқынының салдарынан қираған тұрғын үйлерді, инженерлік коммуникацияларды салу және автожолдарды жөндеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 400000000 (төрт жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 2005 жылы орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*